

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 13/398

03 апреля 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

26 сәуір – Президент сайлауы

Қалалық мәслихаттың депутатын сайлау

ЕРТЕҢІМІЗ – ЕЛБАСЫМЕН

Алға қарай дөңгелеп бара жатқан замана дөңгелегіне ілесіп біз де келеміз. Бүгінгі атқарылып жатқан ірілі-ұсақты жұмысымыздың бәрі ертен тарихтың қойнауында қалып кетеді немесе тасқа қашалғандай, шежіре болып қалады. Еліміз өз Тәуелсіздігін алғаннан бергі кезеңдегі елдің іргесін бүтіндеу, әлеуметтік-экономикалық жағдайымызды жақсарту, алыс-жақын шетелдермен арақатынасымызды нығайту, ел ішіндегі тұрақтылықты берік ұстап тұру секілді маңызды шаралардың бәрінің басында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұруы да төл тарихымыздан өз орнын ойып тұрып алатын болады. Елбасының сұңғыла саясаткерлігі, көшбасшыға тән көрегендігі, дара даналығы біздің елімізді әлемге танытты, танытып қана қоймай, мойындатты да.

Бүгінгі әлемде болып жатқан дағдарыс – бұдан бұрын да басымыздан өткен. Міне, сол кезде де Елбасының арқасында мемлекетіміз бұл қиындықтан қылы қисаймай шыққан. Бүгінде қазақстандықтардың сенімі Елбасыға әбден орныққан. Халық оған сенім артып қана қоймай, қолдау көрсетуге, қасынан табылуға дайын. Әр замандарда болған және бола беретін экономикалық дағдарыстың өтпелі екеніне, оны өз Елбасыларының бастауымен жеңіп шығатынына көздері жетті.

Президент сайлауының өтетін кезі де күн санап жақындап келеді. Демократиялық елімізде биылғы сайлау науқанының алдында отызға жуық адам өздерінің кандидатурасын ұсынуға бел буды. Оларға ешқандай тосқауыл болған жоқ. Содан іріктеліп, қазір үш кісі сайлауға түскелі отыр. Әрине, біздің елімізде әркім де өз бағын сынап көруге құқылы. Алайда, баға беретін, таңдау жасайтын – халық. Қазір халықтың көзқарасы, таным-түсінігі нық бекіген. Кімге сенетінін, кімді қолдайтынын өздері біледі, өздері шешеді. Тіпті, оларды үгіттеп, үздені үйіп-төгудің де қажеті шамалы. Меніңше, осы күннің өзінде халық өз таңдауларын жасап қойған деп

пайымдаймын. Біздің және халық қалауы тек қана Елбасымыз. Жаңа, жас Тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаған көшбасшымызды алдағы күндерде де көш басынан көргісі келетіні анық. Үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың сара жолын салып, «Нұрлы жол» бағдарламасын жасаған, мәңгілік ел идеясын ұсынған Елбасының әрқашан өздерімен бірге болуын қалайды қарапайым халық.

Сонымен қатар, Елбасы 2015-жыл – ұлттық тарихымыздың ұлықталатын жылы екенін еске салды. Мәселен, 2015-жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз деді және қазір осынау игі шараларды ұйымдастыру бағытында жұмыстар жасалуда.

«Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жалдына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда. Ел Бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың Қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің мерейлі мерейтойын және халықаралық ЕХРО-2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! Баршаңызға «Нұрлы жол» Жолдауын жүзеге асыруда табыс тілеймін!», - деген болатын Елбасы халыққа арнаған Жолдауында.

Иә, біз табысқа да, игіліктер мен жақсылықтарға да, жарқын әрі тыныш заманға да, алда тұрған ізгілікке толы мақсат-мүдделерге де Елбасымен бірге жетеміз!

Амандық СЕРІКОВ,

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

Елбасы жолдауы – халықтың қолдауы

НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚТЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Жол – біздің тәуелсіз мемлекетіміз үшін стратегиялық мәселе. Приозерск қаласының әкімдігі қала көлеміндегі жолдарды жаңа тәсілдермен жаңғыртып жатыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауында «Жолдар – Қазақстан үшін өмір желісі. Біздің кең байтақ жерімізде жолдар бойында әркезде де өмір пайда болған және дамып отырған» - деп еліміздің инфрақұрылымының әртүрлі салаларын дамытуды нақты атап өткен болатын. Біздің қаламызда да жол сапасы өте нашарлап кеткендіктен, осы мәселені дер кезінде шешуге қала әкімшілігі белсене кірісіп, республикалық бюджеттен қаражат бөліріп, 2013-жылы «Камбала» әуе жайынан бастап, «Халықтар достығы» көшесіне дейінгі жолдар, Ағыбай батыр және Рахымжан Қошқарбаев атындағы көшелердің жолдары күрделі жөндеуден өткізілді, көшелер жарықтандырылды. Жергілікті бюджеттің есебінен Балқаш, Космонавтов, және Пушкин көшелеріне де күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осының арқасында қала тұрғындарының жүріп-тұруына қолайлы жағдай туғызылып, қаланың келешегіне деген сенімі

артты. Әрі қала сыртында салынып жатқан «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешеніне емделушілердің ешқандай қиындықсыз жетуін қамтамасыз еткен. Әлі де болса қала көлемінде жөнделетін жолдар баршылық. 2015-жылы Пушкин көшесі, Достықтан бастап Абай көшесінің аралығына дейін, Весенняя және Озерная көшелеріне жөндеу жұмыстары жоспарланған. Дегенмен, бұл жоспарды орындауға қомақты қаржы қажеттігі анық, оның үстіне қазір әлемде қаржы-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны көрініс беруде. «Нұрлы жол – болашақтың даңғыл жолы» екенін ескеріп осы жоспарды орындау үшін, қала әкімшілігі сметалық құжаттар жобасын дайындап, қаражат көзін шешумен айналысуда. Болашақтың даңғыл жолы Елбасымыздың жолдауынан туындайтын «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын іске асыруға жұмыс жасап отырған қала басшылығына сәттілік тілейміз!

Ж.К.Кенесов,

Мемлекеттік мұрағат директоры

САЙЛАУ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

29-наурыз күнгі таңғы сағат жетіден бастап қалалық мәслихаттың шығып кеткен депутатының орнына сайлау өтетін орынға сайлаушылар ағылып келе бастады. Бұл аламан бәйгеге түскен үміткерлер Халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы Ерік Таткеноұлы Балтышев, «Приозерск қалалық ауруханасы» директорының ШЖ бойынша орынбасары Руслан Еркінбайұлы

бақылаушыларға да арнайы орын бөлінген.

Осы күнгі сайлауға сайлаушылар бір кісідей атсалысып, дауыс беру мерзімі уақытында өз мәресіне жетті. Санақ нәтижесі бойынша сайлауға барлығы 405 сайлаушы қатысқаны анықталды. Кандидат Нұрғазы Байжанұлы Ахметбековты қолдап сайлаушылардың 7,36 пайызы, кандидат Ерік Таткеноұлы Балтышевты қолдап - 79,19 пайызы, ал кандидат Руслан Еркінбайұлы



Ғалымжанов және жеке кәсіпкер Нұрғазы Байжанұлы Ахметбековтер болатын.

№2 мектеп-балабақша кешенінде орналасқан сайлау орнында әуенді ән орындалып, жұртты сонадайдан шақырып тұрғандай әсер қалдырады. Мұнда шағын азық-түлік жәрмеңкесі де орын тапқан. Сайлау учаскесі талапқа сай ұйымдастырылған. Бүгінгі сайлауға жалпы 426 сайлаушы тіркеліп, олардың толық сайлауға қатысуына мүмкіндік туғызылған және келуге мүмкіндігі жоқ сайлаушылардың үйінен дауыс беруіне жағдай жасалыпты. Сайлау комиссиясының мүшелері толық орындарына жайғасып,

Ғалымжановқа - 13,45 пайызы дауыс берген. Сайлау комиссиясының мәлімдемесіне сәйкес өткізілген сайлаудың қортындысы бойынша Приозерск қалалық мәслихатының №5 округы бойынша депутаты болып Ерік Таткеноұлы Балтышев сайланды.

Халық сенімін арқалаған, бұрыннан да тұрғындардың ыстық ықыласына бөленіп жүрген азаматтың депутаттық қызметіне де толағай табыстар мен халықтың өзіне артқан сенімін ақтау жолында шығармашылық жетістіктер тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Выборы депутатов городского маслихата

ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ИНФОРМИРУЕТ О РЕЗУЛЬТАТАХ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ, НАЗНАЧЕННЫХ НА 29 МАРТА 2015 ГОДА

№ избирательно-го округа	Общее число избирателей по округу	Общее число избирателей, принявших участие в голосовании	Ф.И.О. каждого кандидата	Число голосов поданных за кандидатов	%	Число бюллетеней, признанных недействительными	Ф.И.О. должность, место жительства избранного депутата,
№5	426	405	Ахметбеков Нургазы Байжанович	29	7,36	11	Балтышев Ерик Таткенович 1980 г.р., руководитель отдела г.Приозерск филиала РГП ЦОН по Карагинской области, г.Приозерск ул.Космонавтов 3 кв.96
			Балтышев Ерик Таткенович	312	79,19		
			Галимжанов Руслан Еркинбаевич	53	13,45		

ЕЛІ ЕРІМЕН ЕҢСЕЛІ



Биылғы жылдың 9-мамырында Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 70 жылдығын Қазақстан халқы да үлкен құрметпен атап өкелі отырғаны баршамызға аян. Өткен аптада осы айтулы мерекеге арналған «70 жылдыққа - 70 күн» акциясының аясында қалалық кітапханада әдіскерлік-библиографиялық бөлімнің ұйымдастыруымен «Елі ерімен еңселі» атты ерлік сағаты өткізілді. Ұйымдастырылған ерлік сағатының мақсаты «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» - деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды терең-



нен тануға баулу, оларды Отан тарихына деген сүйіспеншілікке, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, сондай-ақ дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерімен достығын нығайтуға тәрбиелеу.

«70 жылдыққа 70 күн» акциясының төртінші онкүндігіне орай өткізіліп отырған ерлік сағатына 12-15 жас аралығындағы оқырмандар қатысты. Алдымен оқырмандарға «Адамзат аңсап өткен ұлы жеңіс» атты кітап көрмесі ұсынылды. Көрмеде Ұлы Отан соғысындағы ерлеріміздің ерліктерін баяндайтын 19 кітап пен мерзімді баслымдар қойылды. Оның соңынан көрермен қауымға қазақ халқының батыр ұлы Б.Момышұлы мен қос батыр жұлдызы

Алия мен Мәншүк туралы көркем фильм көрсетілді. Әрқайсымыз үшін жақын, әрі қымбат мереке - Жеңіс күні. Жеңіске жету жолында қазақстандықтардың асқан ерлігі мен жанқиярлығы Ұлы Отан соғысының тарихындағы жарқын беттерге айналды. Сондықтан бұл күннің маңызы өте жоғары. Жеңіс үшін шыбын жандарын құрбан еткен бірнеше миллиондаған адамдардың есімдерін есте сақтап, 1418 азапты күн мен түнді болашақ үшін ерен еңбекпен, қайсар ер-



лікпен өткізгендерін ұмытуға болмайды. «Елі ерімен еңселі» деп аталатын ерлік сағаты Жеңіске, Жеңіс себепкерлеріне арналды. Кеш соңында кітапхана қызметкері Ботабекова Саягулдің орындауындағы композитор Ж.Сейіловтің «Ана туралы баллада» әні ер азаматтары мен балаларын майданға аттандырып, олардың оралуын



сарғая күткен аналарды еріксіз көз алдына келтіргендей болды.

Черниязова,
қалалық кітапхананың әдіскері

Күлудің сәті түскенде

1 СӘУІР - КҮЛКІ КҮНІ

Үстіміздегі жылдың 1 - сәуірі күні қалалық кітапханада «Күлкі - көңілдің ажары» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені ұйымдастырудың мақсаты оқырмандарға көтеріңкі көңіл – күй сыйлау болатын.

Бұл мерекенің нақты қайдан бастау алатындығы туралы бүгінгі таңда ешқандай мәліметтер жоқ. Сонау жылдары жанажылдық мереке күндері көтеріңкі-көңіл күймен жүру дәстүрге айналды. Бірақ күнтізбенің өзгеруіне қарамастан, кейбір адамдар жыл бастауын ескі нұсқа бойынша атап өтуді жөн көреді. Адамдар бір-бірімен әзілдесіп, «қалжыңды» сыйлықтар сыйлады. Осылайша «Күлкі күні» пайда болды. Бұл күнді тойлау Францияда бастау алған деседі. Ежелгі римдіктер де ақпанның он жетісінде «ақымақтар мерекесін» атап өткен.

Әзіл-қалжыңға қашанда теріс қарамайтын қазақ халқы да бұл күнді ескеруіне қалдырмаған. Қыстың қыспағын, ерте көктемнің алай-дүлей мінезін қалжыңмен жұып-шайғысы келген халық бұл күні бір-бірінің көңілін қалжыңмен көтеруге тырысады. Кітап көрмесін тамашалаған оқырмандар да әр-гүрлі күлдіргі, сықақ шығармаларды оқып, еріксіз езу тарқызатын суреттерді көріп, бір сәт күнделікті өмір елегін ұмытып, бір жасап қалғандай болды.

Күлкіні іздеме, ол өзінде,
Күлкіні бағала өзінде.



Жанына шипа ем беретін,
Күлкі ғой бағалы өмірде

– деп ақын ағаларымыз жырлағандай, тандарыңызды күлкімен атырып, кештеріңізді күлкімен батырыңыздар. Езулеріңізден күлкі тыйылмасын!

Есенбаева Г.Г.,
оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы

КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК – ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ХАНДАРЫ



Астана – Шымкент тас жолымен жүрген жолаушы Хантауды басып өтетіні белгілі. Осы жердің неге «Хантау» аталатынына назар аударып, білгісі келетіндер де табылады жолаушылар арасынан. Бұл сауал осы жолмен алғаш жүріп өткенде мені де ойландырған. Бұл жайында осы маңайдың тұрғындарынан бастап, біраз жөн-жосық білетіндерден де сұрастырып көргенмін. Алайда, алған жауабым ала-құла болып шықты. Бірі: «Бұнда Кенесары хан біраз уақыт қосынын аялдатқан», десе, біреулері: «Кезінде Абылай хан осы жерде аң аулаған екен», дейді. Тағы басқа жорамалдар айтқандар да болды. Биылғы жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтетіндіктен, газет-журнал беттеріндегі жарияланған тарихи мақалалардан осы тау атауының қайдан шыққандығы жөніндегі сауалымызға жауап таптық десек болады...

Соңғы жылдары ғылыми айналымға енгізілген аңыз мәліметтері бойынша, Керей хан мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457-жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал, 1458-жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді. Керей хан мен Жәнібек ханның бөлінуімен Көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау процесі басталады. Әбілхайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей хан мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді. Әбілхайыр хан Керей хан мен Жәнібек хан ықпалының күшейе бастағанынан қауіптеніп, оларды дер кезінде талқандау мақсатымен 1468-69-жылы жорық ұйымдастырады. Жорық кезінде Әбілхайыр хан ауырып, қайтыс болады да, әскері кейін оралады. Көп ұзамай Көшпелі өзбектер мемлекетінде билік үшін талас-тартыс басталып кетеді. «Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегінде қазақ хандары ретінде Керей хан мен Жәнібектің есімдері аталса, «Фатхнама», «Шайбанинаме» деректерінде тек қана Жәнібек ханның есімі кездеседі. Дегенмен, Керей хан есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472 – 73-жылдары, Жүніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Соған қарағанда Керей хан 1470-жылдың бас кезінде қайтыс болған. Аңыз

бойынша, Керей хан Қазақ хандығын 10 жылдай билеген және Хан тауы етегінде жерленген.

Жәнібек Әбусағит (туған жылы мен өлген жылы белгісіз) – Қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы, Барак ханның ұлы, Орыс ханның шөбересі. XV ғасырда өмір сүрген. XV ғасырдың 50-жылдарына дейінгі өмірі мен қызметі туралы нақты деректер жоқ. 1456-жылы Дешті-Қыпшақта шайбанид Әбілхайыр билікті қолына алған соң, көшпенді халықтың Жәнібек пен Керей бастаған бір бөлігі Моғолстанға қоныс аударып, Шу мен Қозыбасы өзендерінің аңғарында орын тепті. Моғолстан ханы өз қарсыластарымен болатын күресте көмектесер деген есеппен қазақ басшыларымен одақтас болды. Өзара қырқысулар мен соғыстардан жапа шеккен 200 мыңға жуық көшпенділер Жәнібек хан мен Керей ханның маңына топтасты, олардың билігінің күшеюі 1468-жылы Моғолстанға әскери жорық жасамақ болып, бірақ жол үстінде кенеттен қайтыс болған Әбілхайырға олар тарапынан қауіп төнуі мүмкін деген ой салды.

Әбілхайыр хан өлімінен кейін хан тағы үшін болған өзара қырқысулар Дешті-Қыпшақта өрши түсті, оған туған жерге оралуды көздеп жүрген Жәнібек хан мен Керей хан да араласып кетті. Бір кездері Моғолстанға қоныс аударған адамдар Өзбек ұлысында «қазақтар» деп атала бастады және бұл атау бүкіл хандыққа тарай бастады. Билік үшін күрес Жәнібек хан мен оның үзегілері қазақтардың бірігуі мен Қазақ хандығының құрылуына үлес қосты.

XV ғасырдың орта шанында ежелден Жетісу өңірін мекендеген түркі тайпалары бір этникалық топқа біріге келе, қазақ халқы құрады. Жәнібек хан мен Керей хан Жетісу өңірі, Шу мен Талас өзендерінің бойын мекендеген қазақтардың басын қосуда көп еңбек сіңірді. Бұл мақсатпен олар өзара қырқысуларды басып, ірі феодалдарды маңайына топтастырды. Жәнібек ханның Дешті-Қыпшаққа оралғанынан кейін билігін күшейткені туралы, өмірінің соңғы жылдары мен өлімі туралы деректер жоқ. Оның есімі тарихи деректерде соңғы рет 1473-жылы кездеседі. Бұдан кейінгі жылдары Керей хан туралы ғана айтылған. Жәнібек хан жиі болатын шайқастардың бірінде қаза тапқан деп болжауға болады. Сақталып қалған халық аңыздары мен өлеңдерінде Жәнібек ханды Әз Жәнібек деп атаған.

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

Тәрбие басы – отбасынан

ДАСТАРХАН БАСЫНДАҒЫ ДӘРІСТЕР

Поезбен сапар шеккенде көптеген адамдармен, тағдырлармен сапарлас болып, көршің дұрыс адам болса, ұзақ сапарда жол қысқарту үшін әңгіме-сұқбат құруға мүмкіндігің болады әрі қаншама тағдырлар жайлы дерек аласың. Бір сапарымызда осындай бір әңгімешіл жанмен шүйірлесек қалғанымыз бар. Менің журналист екенімді білген ол өз басындағы мұңды еш жатырмамай, шынайы көңілмен жайып салды. Әңгімесінің төркіні – әлі күнге отбасын құрмай жүрген балаларының жайы болатын...

Ерте замандарда адам баласының жылы ұясы болған отбасы құндылығы бүгінде девальвацияға айналып бара жатқанын байқауға болады. Өкініштісі сол, батыстағы елдердің көпшілігін рухани дағдарысқа ұшыратып отырған осындай салтсыздық, дәстүрсіздік біздің де қоғамымызда қылаң беріп қалады. Жасының ұлғайғанына қарамай, тұрмыс құрмай, қызмет қуып, карьера жасап жүрген қыздарымыз, қырыққа толса да үйленбей, сұр бойдақ атанып жүрген ұлдарымыз соның дәлелі сияқты.

Жуырда араласып тұратын бір отбасына қонаққа бардым. Мені шақырған кісі отыз алты жастағы қызының тұрмыс құрмай, қырықтан асқан ұлының үйленбей жүргенін айтып, соларды аяқтандырудың жөнін таппай жүргенін білдірген еді. Алайда, асүйде жайылған дастарханға үй иелері ұлын да, қызын да келтіре алған жоқ. Олар бір-бір тәрелкеге тамақ салып алды да, бөлмелеріне кіріп кетті. Мен сонда бұл үйдің қасиетті дастарханды сыйлау дәстүрінің болмауында деп түсіндім. Үй иесіне де ертеректен осындай бірге отырып тамақтану, дастархан басында асықпай, шәй ішіп отырып, әңгіме-дүкен құру, тамақтан соң ас қайырылмай, үстелден тұрмау секілді ізгі салтты сақтамағандықтан, рухани байланыс әлсіреп кеткенін айттым. Жалпы, әр отбасының ең басты байлығы – балалары болуға тиіс. Қоғамдағы отбасы институтының негізгі міндеті де – бала тәрбиелеп, елге дұрыс азаматтар өсіріп, қосу. Алайда, бүгін материалдық жағдай мен мәнсапты бірінші кезекке қойған замандастарымыздың көпшілігі баланы отбасының байлығы деп санамайды. Сол себепті, бұрынғы

(соңы 3 бет.)

Отандық өнімдерді сатып алайық!

К сведению населения

«ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» АКЦИЯСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен 2015 жылдың 11 ақпанында өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында Елбасы, «Қазақстанда жасалған» акциясын бастай отырып, барлық сауда желілерінде отандық өндірушілердің өнімдеріне арналған арнайы сөрелер орнатып, халқымызға өзіміздің отандық өнімдерді сатып алу туралы бастама көтерген болатын. Сонымен қатар сол отырыста

ойлаймын.

Қазақстандық өнімді насихаттау бағытында, алдағы уақытта қаламыздың тұтынушылары көп шоғырланатын «Центральный» сауда орталығы мен қаламыздың орталық алаңында «Қазақстандық өнімді таңда» акциясы шеңберінің аясында іс-шара мен жәрменке ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Бұл шара отандық өнімді ерекшелік, тұтынушылардың елімізде өндірілетін өнімге деген тартымдылығын арттырады.



аталмыш шараның орындалуын Президент аймақтардың әкімдеріне тапсырды.

Тапсырмаға сәйкес ағымдағы жылдың басынан осы бағытта Приозерск қаласының кәсіпкерлерімен шараның мәні мен маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілген болатын. Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша бүгінгі таңда қаламыздың 10 дүкенінде отандық өнімдерге арналған арнайы сөрелер орнатылып, онда елімізде өндірілген өнімдер қойылды. Нәтижесінде, отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылды. Бұл отандық өндірушілердің өнімдерін сатып алғысы келетін азаматтарға өте қолайлы деп

Қорытындылай келе, «Барлық қазақстандықтарды, бүгінгідей қиын жағдайда, біздің, қазақстандық өнімдерді сатып алуға шақырамын. Бұл Қазақстан экономикасына қосқан үлесіміз деп білейік» - деген Елбасымыздың сөзін тілге тиек ете отырып, қаламыздың тұрғындарын патриот болып, өзіміздің отандық өнімдерді сатып алуға, сол арқылы отандық экономикамыздың дамуына үлес қосуға шақырамын.

Ұ. Алмас,

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ бас маманы

О Б Ъ Я В Л Е Н И Е

В период с 06 по 12 апреля 2015 года, в рамках республиканской акции, в городе Приозерск стартует акция «Приемная на дороге».

В ходе проведения данной акции горожане и автолюбители смогут задать вопросы, в том числе, касающиеся профилактики правонарушений специалистам отделения дорожной полиции.

Дорожные полицейские (старший инспектор отделения административной полиции ОВД г.Приозерск - капитан полиции Аскар Н.М), совместно с представителями городского филиала партии «Нур Отан» и членами городской Комиссии по безопасности дорожного движения при Акимате г.Приозерск, выслушают пожелания, ответят на вопросы водителей и пешеходов, окажут гражданам правовую и консультативную помощь.

ОВД г. Приозерск

ДАСТАРХАН БАСЫНДАҒЫ ДӘРІСТЕР

(соңы. басы 2 бет.)

аталарымыздай баласының саньмен емес, дүниемен ғана мақтануға тырысады.

Батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы бұрынрақта «бесік жырын жырлайтын келіндеріміз, ертегі айтатын әжелеріміз азайып бара жатыр» - деп налыған. Міне, сол қауіп бүгін өмірдің өз көрінісіне айналып отыр. Соның салдарынан дәстүрді сыйламайтын ұрпақ өсіп келеді. Балалар да ата-ана мейіріне қана алмай келеді. Өйткені, жас отбасылардың көбі сәбилерін бала бағушыға тапсырып қоя береді. Оның шыққан тегі мен алған тәрбиесіне қарамай, кім азырақ ақша сұраса, соған баласын сеніп тапсырады.

Бұл, әрине, тұрмыстық тапшылықтан болуы мүмкін. Бірақ, менің айтқым келгені, баланың тәрбиесі мен оның өсіп-калыптасуы бірінші кезекте болуы керек.

Бұл орайда, тым болмаса, аптаның бір күні отбасына арналып, ас үй бәріміздің бас қосып, емен-жарқын отыратын ортамызға айналуға тиіс. Достархан басы толмай, үй иелерінің балаларымен басы қосыла бермейтін отбасын адамның жылы ұясы деуге келмейді. Ал, отбасында жылылық көріп, мейірге қанып өсеген баладан мейірім күтуге болмайтыны – айтпаса да түсінікті.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ЧТО ТАКОЕ ХАССП И ПОЧЕМУ ОН ВАЖЕН ДЛЯ ПРЕДПРИЯТИЙ ПИЩЕВОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ И ОБЩЕСТВЕННОГО ПИТАНИЯ?

Сегодня одним из ключевых условий участия в международной торговле пищевыми продуктами является способность страны-экспортера из конкретного предприятия-производителя обеспечить безопасность выпускаемой продукции. Основным фактором, определяющим конкурентоспособность продукции, является его качество. Качество пищевых продуктов характеризуется в первую очередь показателями безопасности. Для производителей пищевой продукции появятся новые требования, касающиеся обеспечения безопасности производимой продукции. Казахстан стоит на пороге вступления во Всемирную торговую организацию и обязательным условием будет внедрение на пищевых предприятиях системы менеджмента качества - ХАССП - системы.

ХАССП означает «анализ опасных факторов и критические точки контроля». С 1 июля 2013 года вступил в силу Технический регламент Таможенного союза 021/2011 «О безопасности пищевой продукции», согласно которому изготовитель пищевой продукции должен разработать, внедрить и поддерживать процедуры, основанные на принципах ХАССП. В пищевой индустрии по сей день не редкость предприятия, работающие по принципам весьма далеким не то что от международных, но и от простых санитарных норм. Процессы производства пищевых продуктов не могут быть пущены на самотек, за ними должны быть постоянные наблюдение и контроль. Это диктуется просто здравым смыслом, а принципы системы ХАССП только подразумевают

упорядочение и систематизацию такого контроля».

Безопасность продуктов питания – сложная комплексная работа и внедрение системы менеджмента на принципах ХАССП на предприятиях пищевой промышленности и общественного питания эту проблему решает. Важным достоинством системы является ее свойство не выявлять, а именно предвидеть и предупреждать ошибки при помощи поэтапного контроля на протяжении всей цепочки производства пищевых продуктов. Данная система оптимальна, ее принцип заключается в анализе возможных рисков и эффективном управлении контрольными точками.

На текущий момент далеко не все руководители предприятий пищевой промышленности склонны к внедрению системы ХАССП у себя. Однако стоит отметить, что данные мероприятия приводят к повышению конкурентоспособности выпускаемой продукции и снижению уровня затрат на утилизацию или же переработку брака производства, что приводит к более высокой рентабельности предприятия. В ближайшем будущем функционирование предприятий пищевой промышленности, не прошедших сертификацию по стандартам ХАССП, станет невозможным.

Г.С. Онербекова,

руководитель отдела санитарно-гигиенического надзора и защиты прав потребителей УЗПП

Вниманию предпринимателей

ДЕЙСТВУЕТ СОВЕТ ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

Приказом директора Палаты предпринимателей Карагандинской области от 18.03.2015 года утвержден новый состав Совета:

Председатель - Торегельдин Серик Макенович, президент ОЮЛ «Гражданский союз «За сильный Казахстан»;

Секретарь - Жмук Геннадий Николаевич, заместитель директора по правовым вопросам Палаты предпринимателей Карагандинской области;

Ахметжанов Ануар Муратович, заместитель акима Карагандинской области;

Огай Александр Григорьевич, заместитель прокурора Карагандинской области;

Толысбаев Ержан Токтанович – заместитель руководителя Департамента государственных доходов Карагандинской области;

Касенов Берикбол Тлеуханович, заместитель начальника ДВД Карагандинской области;

Нурғалиев Арман Жомартович - заместитель руководителя Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области;

Кенжебаева Нургуль Нурпеновна – заместитель начальника Департамента юстиции Карагандинской области;

Тукбаева Айман Бекбулатовна, депутат Карагандинского областного маслихата;

Киздарбекова Антонина Сериковна – заведующая кафедрой гражданского и трудового права Карагандинского государственного университета;

Расповов Николай Иванович – председатель ОЮЛ и ИП «Ассоциация промышленников и предпринимателей Жезказганского региона»

Перов Александр Михайлович, финансовый директор ТОО «Бюро по привати-



зации и инвестициям»;

Рысбеков Марат Галымович – адвокат Карагандинской областной коллегии адвокатов;

Рыжков Владимир Иванович – председатель Карагандинского областного филиала Союза журналистов Казахстана.

Секретариатом Совета является Отдел по защите прав предпринимателей Палаты предпринимателей Карагандинской области. Начальник отдела – Олейник Юлия Сергеевна, тел. 8 (7212) 50-64-13, e-mail: y.oleinik@palata.kz

Целью Совета является оперативное и системное решение задач Региональной палаты по вопросам представления, обеспечения и защиты прав и законных интересов субъектов предпринимательства, а также публичное освещение проблемных вопросов развития бизнеса на территории области. На заседаниях Совета рассматриваются как системные, так и частные проблемы, касающиеся нарушений законных прав предпринимателей.

Г. Алиева,

директор Приозерского филиала Палаты предпринимателей Карагандинской области

КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА СТАЛА ИММУНИТЕТОМ ОБЩЕСТВА ОТ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ КОНФЛИКТОВ - ЭКСПЕРТ

МОСКВА. КАЗИНФОРМ - Культура Казахстана стала достоянием всего населения, представителей всех этносов и социальных групп, благодаря чему казахстанское общество обладает высокой степенью иммунитета от межэтнических конфликтов.

Об этом на состоявшемся в Москве в международном мультимедийном пресс-центре МИА «Россия Сегодня» круглом столе на тему: «Межэтнические отношения на постсоветском пространстве: опыт России и Казахстана» заявил эксперт Международной тюркской академии Тимур Козырев.

По мнению Т.Козырева, казахстанская модель межэтнических отношений - это особая

культура неконфликтного поведения, благодаря которой потенциально взрывоопасные вещи принципиально не выносятся в публичное пространство.

«Скептиками порой высказывается мнение, что этот феномен существует по «инерции советского сознания», однако подобная оценка принципиально некорректна и несостоятельна: советское наследие является общим для всех стран СНГ, но, увы, таким иммунитетом обладают не все постсоветские страны», - добавил он.

Т.Козырев резюмировал, что решающую роль традиций народа Казахстана и дальновидной политики руководства страны невозможно отрицать.

ФЕРМЕР ИЗ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ РАЗРАБОТАЛ УНИКАЛЬНУЮ БИОГАЗОВУЮ УСТАНОВКУ


Фермер Самат Абенев из поселка Енбекши Талгарского района разработал уникальную биогазовую установку, сообщает корреспондент **Kazpravda.kz**.

Долгое время директор ИП "Абенев" не знал, как решить проблему утилизации отходов убойного цеха. До тех пор, пока не придумал агрегат, который из обычного навоза и другого биосырья вырабатывает голубое топливо. Полученный газ изобретатель использует для развития собственного тепличного хозяйства.

Самат Камалович по специальности - инженер, победитель республиканского конкурса инновационных проектов, член клуба "Зеленый бизнес" стран Центральной Азии. Как поясняет новатор, биогаз на 50-70% состоит из метана, от содержания которого и зависит мощность изготовленного им оборудования. К примеру, 1 кубометр метана при сгорании выделяет около 2 киловатт энергии. Суммарный объем абеновских биогазовых реакторов - 85 куб. м.

"Впервые в мире биогаз начали вырабатывать еще в 1859 году в Индии, - рассказывает предприниматель. - Затем его успешно применяли для освещения улиц в Англии. И сегодня такой альтернативный способ получения газа широко распространен в странах Европы. Но по своим параметрам наша разработка даже лучше зарубежных...".

Поначалу это был просто эксперимент, но, достигнув положительных результатов, изобретатель изготовил 4 опытно-промышленных образца. Процесс выработки биогаза ежедневным объемом 5 кубометров полностью автоматизирован. В замкнутом цикле задействованы



биогазовые реакторы, компрессорная станция, устройство загрузки сырья, газгольдер, система контроля и автоматизации. Помимо топлива, здесь производят и органические удобрения. За счет их использования в тепличном комплексе выращивают экологически чистые овощи, значительно снижены расходы на электроэнергию.

Теперь Самат Абенев решил усовершенствовать инновационную идею - собирать установку более высокой мощности. Это позволит отапливать и освещать сразу несколько объектов: жилой дом, столовую, убойный пункт и теплицу. Появится возможность увеличить урожайность парника, снизить себестоимость продукции.

Инноватор уверен: в будущем его ноу-хау найдет широкое применение в крестьянских хозяйствах, на птицефабриках, на плодо-консервных заводах и мясокомбинатах. Он готов смонтировать запатентованное оборудование на заказ, а также представить образец "зеленой" энергетики на Международной выставке "ЭКСПО-2017". Кроме того, в планах ИП "Абенев" - запустить мини-завод по производству отечественных биогазовых установок.

КОМАНДА ASTANA MOTORSPORTS ВЫИГРАЛА ЭТАП ПО РАЛЛИ-РЕЙДАМ В АБУ-ДАБИ

В заключительный день Abu Dhabi Desert Challenge 2015 команда рассчитывает улучшить результат и выйти на второе место.

Команда по ралли-рейдам Astana Motorsports успешно завершила четвертый этап Abu Dhabi Desert Challenge 2015. Пилот Денис Березовский и штурман Игнат Фальков на автомобиле Nissan Patrol пришли первыми в своем классе T2, что позволило гонщикам продвинуться на пять позиций в общем зачете, передает **Kazpravda.kz** со ссылкой на пресс-службу Astana Motorsports.

Протяженность четвертого этапа Abu Dhabi Desert Challenge 2015 составляла 405 км, 258 из которых пришлось на скоростной спецучасток.

По словам самих участников, победа далась им нелегко: невыносимая жара, палящее солнце и сильный ветер, вздымающий клубы песка. "С каждым днем печет все сильнее, становится жарче и жарче. Сегодня я поставил



рекорд по количеству выпитой жидкости. Проехали очень хорошо, - мы первые в классе. Предстоит заключительный день, и надо поднапрячься, - ведь речь идет о борьбе за второе или третье место", - рассказал пилот Денис Березовский.

В генеральной турнирной классификации команда поднялась сразу на пять строчек и теперь занимает 16-е место.



Расписание движения пассажирских поездов по ст.Сарышаган с 25.10.2014г.

№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следован
1	Алматы-2-Астана	01.40	10	01.50	ежедневно
2	Астана-Алматы-2	01.21	10	01.31	ежедневно
3	Алматы-2-Астана	22.44	16	23.00	ежедневно
4	Астана-Алматы-2	22.56	15	23.11	ежедневно
9	Алматы-2-Астана	06.06	15	06.21	ежедневно
10	Астана-Алматы-2	07.58	15	08.13	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	04.25	15	04.40	нечетный
16	Петропавловск-Алматы-2	21.57	15	22.12	четным
43	Алматы-1-Костанай	06.30	15	06.45	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	21.31	16	21.47	ежедневно
45	Алматы-Павлодар	23.41	35	00.16	четным
46	Павлодар-Алматы	19.14	15	19.29	четный
51	Алматы-1-Караганда	03.57	15	04.12	ежедневно
52	Караганда-Алматы-1	01.41	15	01.56	ежедневно
55	Кокшетау-Кызылорда	09.27	15	09.42	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	21.21	15	21.36	ежедневно
75	Кызылорда-Астана	18.50	15	19.05	нечетный
76	Астана-Кызылорда	07.17	15	07.32	нечетный
80	Астана-Шымкент	06.05	15	06.15	нечетным
79	Шымкент-Астана	02.05	10	02.15	четным
85	Астана-Сарыагаш	17.15	18	17.33	ежедневно
86	Сарыагаш-Астана	09.05	23	09.28	ежедневно
303	Алматы-2-Свердловск	04.13	15	04.28	вт.чт.
304	Свердловск-Алматы-2	08.41	15	08.56	пт.вс.
305	Свердловск-Бишкек	08.41	15	08.56	пн. вт. сб
306	Бишкек-Свердловск	04.13	15	04.28	ср.пт.сб.
315	Ташкент-Свердловск	04.13	15	04.28	среда
316	Свердловск-Ташкент	08.41	15	08.56	воскресенье
373	Алматы-2-Жезказган	12.42	15	12.57	пн.чт.
374	Жезказган-Алматы-2	02.49	15	03.04	ср.сб.
6892	Чу-Сарышаган	16.18			еж. кр. сб. вс. и прзд.
6891	Сарышаган-Чу			08.10	еж. кр. вс. пн. и прзд.
6898	Сарышаган-Мойынты	08.20			еж. кр. сб. вс. и прзд.
6897	Мойынты-Сарышаган			19.05	еж. кр. сб. вс. и прзд.

источник: официальный сайт АО "КТЖ"

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В период с 1 по 10 апреля 2015 г. на территории г.Приозерск проводится республиканское оперативно-профилактическое мероприятия «Подоросток» с привлечением представителей заинтересованных органов. Целью мероприятия является проведение целенаправленных оперативно-розыскных мероприятий по выявлению и пресечению фактов вымогательства, предупреждение и профилактика подростковой преступности, повышение правовой грамотности несовершеннолетних, а так же выявление лиц, вовлекающих несовершеннолетних в совершение правонарушений и преступлений.

ОВД г.Приозерск

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ЦР (временнo).
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 13/398. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041